

УДК 82-31

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ЖАНТАЛАС» РОМАНЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМ ҚҰРАМЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Серикбаева Н.С.

Рудный қаласының
№ 12 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қанапина С.Ғ.,

филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ

Міркемел А.М.

2 курс студенті, ҚМПИ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Ұсынылып отырған мақала – қазақ тілінің лексикологиясы аясында қарастырылатын көне сөздердің семантикалық өрісіне, көне сөздердің фразеологизмдер құрамындағы стильдік қызметіне арналады. Мақалада көркем шығарма тілінен терілген мысалдар талдауға түседі. Лексикологиялық, стилистикалық, этимологиялық талдаулар жасалады.

Аннотация

В рекомендуемой статье рассматривается семантика устаревших слов в составе фразеологизмов в лексикологическом аспекте. Статья содержит примеры фразеологизмов из художественного текста. Фразеологизмы исследованы методами стилистики, этимологии, лексики.

Abstract

In the recommended article discusses the semantics of obsolete words as part of phraseology in lexical aspect. This article contains examples of phraseology of the literary text. Idiom studied by stylistics, etymology, vocabulary.

Түйінді сөздер: фразеологизм, лексика, бедерсіз сөздер, "Жанталас" романының, стилистиканың әдістерінің.

Ключевые слова: фразеологизмы, лексика, устаревшие слова, роман «Жанталас», методы стилистики.

Key words: phraseology, vocabulary, archaisms, the novel "Zhantalas" style techniques.

1.Кіріспе.

Фразеологизм деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тиянақты тіркестерді тексеретін тіл білімінің саласы дегенді, екіншісі – бір тілдегі фразеологизм байлығының тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. (Ә.Болғанбаев, «Қазақ тілінің лексикологиясы», 99 бет)

Қазақ фразеологиясы өзінің бастауын С.Аманжолов еңбегінен алады. Ғалым 1940 жылы жазған «Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы» атты зерттеу еңбегінде сөйлем мүшелерін талдау барысында, баяндауыштардың құрамында келетін «идиомдық баяндауыштарды» қарастыра отырып, «жалпы тұрақты тіркестерді» (идиомдық форманы) былай бөлген:

1. Образды бейнелі құрама (идиомдық тіркес);
2. Бернесіз құрама (фразеологиялық тіркес)

І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев 1962 жылы жазған «Қазіргі қазақ тілі. Лексика.Фонетика» атты оқулығында фразеологиялық бірліктерді фразалық тіркестер деп, атап оларды: идиомдар мен фразаларға бөледі.

Қазақ фразеологизмдерін теориялық тұрғыдан зерттеу мен арнайы лексикографиялық еңбектерді басып шығару атакты ғалым Ісмет Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады. Түркі тілдес халықтардың ішінде алғашқы фундаменталды еңбекті академик І.Кеңесбаев 1977 жылы басып шығарды. Бұл еңбектің аты «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі».

1988 жылы ғалым Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты еңбегінде және 2003 жылы шыққан Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбектерінде фразеологизмдердің мынадай белгілерін көрсетеді:

- 1) даяр қалпында жұмсалыу белгісі;
- 2) мағына тұтастығы;
- 3) тіркес тиянақтылығы;

Фразеологиялық бірліктердің теориялық тұрғыдан жүйеленуіне негіз болған зерттеудің бірі К.Ахановтың 1993 жылы шыққан «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегі. Мұнда фразеологизмдердің негізгі белгілері ретінде даяр қалпында жұмсалыуы, мағына тұтастығы, тұрақтылығы аталып, «фразеологиялық оралым түрлерін» орыс ғалымы И.М.Шанскийдің ізімен фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық тізбек, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық сөйлемше деп бөліп, ғылыми талдау жасаған (Салқынбай А. «Қаз.қазақ тілі» 2008 ж.).

Кейінгі жылдары фразеологизмдердің әр түрлі мәселелері жөнінде Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді», Н.Уәлиевтің «Фразеология және тілдік норма» сияқты еңбектерінде көптеген фразеологизмдер этимологиялық тұрғыдан талданып, олардың құрамындағы мағынасы күңгірттенген тіптен мүлдем белгісізденіп кеткен сөздердің мән – мағынасы ашылады. Сонымен қатар С.К.Сәтенованың «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері», Р.Авақованың «Фразеологиялық семантика», Ғ.Сағидолланың «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны» ғылыми зерттеулері жарыққа шықты.

Ғалым Оразбаеваның басшылығымен жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде фразеологизмдер жан – жақты қарастырылған. Фразеологизмдерді түр – түрге бөлу – ХХ ғасырдың 40 жылдарынан бастап – ақ қазақ фразеологиясындағы басты мәселелердің бірі болды. І.Кеңесбаев, Ш.Рахматуллаев, Ғ.Байрамова, З.Ураксин, Ә.Т.Қайдар, А.А.Юлдашев сияқты түркологтар фразеологияның зерттеу объектісін фразеологиялық бірліктермен шектеуді қолдайтын болса, С.Н.Мұратов, І.Х.Ахунязовтар күрделі сөздерді, қос сөздерді, газет айдарлары, мақал – мәтелдерді, нақыл сөздерді тұрақты тіркестерге жатқызады.

І.Кеңесбаев фразеологиялық тіркестерді құрамындағы сыңарлардың о бастағы тура, негізгі мағыналарының көмескі тарту, тартпауына қарай:

- А) Түйін тіркес, мысалы, ернінен ене сүті кеппеген
- Ә) Түйін тіркес, мысалы, құмырсқадай құжынаған, деп екіге бөледі.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді өз ішінен идиомдық тіркестер, фразалық тіркестер деп екіге бөлу А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев еңбектерінде де орын алды. (Ф.Ш.Оразбаева, «Қазіргі қазақ тілі», 63-64 бет)

Бүгінгі қазақ фразеологиясында зерттеудің үш түрлі бағыты орын алып отыр.

Біріншісі – қазақ фразеологизмдерін таза тілдік тұрғыдан бір тіл аясында зерттеу .Бұл бағыт І.Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады.

Қазақ фразеологиясындағы **екіншісі** бағыт қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін болмыс бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдермен салғастыра зерттеу ісі. Бұл бағыт Ғ.Сағидолланың еңбегінен басталады.

Үшіншісі бағыт – фразеологизмдерді зерттеудегі үстем бағыт болып саналады. Яғни фразеологизмдерді когнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психоллинг-

вистикалық аспектіде қарастыру бағыты. Бұл бағыттағы еңбектер қатарына академик Ә.Қайдардың, профессор Ж.Манкееваның, Ф.Оразбаеваның жетекшілігімен жазылып, соңғы жылдары қорғалған кандидаттық диссертацияларды айтуға болады.

Ғалым Р.Авакованың 2009 жылы шыққан «Фразеология теориясы» атты монографиялық еңбегінде фразеологизмдерді ішкі фраземаның туындау көздеріне байланысты шартты түрде төмендегідей топтастырады:

- 1.Адамның анатомиялық атаулары мен қимыл қозғалыстарына байланысты
- 2.Жануарлар (зооморфтық фразеологизмдер) әлемі
- 3.Өсімдіктер (флора) әлемі
- 4.Табиғат құбылыстары
- 5.Өлшем бірлік (метеорология)
- 6.Түр – түстік және сындық
- 7.Сандық (нумеративтік) фразеологизмдер
- 8.Алғыс және қарғыс мәнді
- 9.Мифтік және діни
- 10.Тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фразеологизмдер.

(Р.Авакова, «Фразеология теориясы», 68 бет).

2.Талқылау.

Ғалым Ә.Болғанбаев өзінің «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты еңбегінде көнерген сөздер туралы былай деген: «Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, ондағы болып жататын неше алуан өзгерістер сөздік құрамның дамуына да түрлі – түрлі әсер етіп отырады. Көп жағдайда тілдің лексикасы жаңа сөздердің есебінен кемелденіп, үнемі толығып отырса, енді бір ретте кейбір сөздердің тозығы жетіп көнеруіне әкеп соғады. Көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес; әуелі жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен, икейінгілерге еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара – бара қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін» (Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы», 86 бет)

Ғалым көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздерді архаизмдер мен историзмдер деп екі салаға бөледі.

Ә.Болғанбаев көнерген сөздердің көнеру дәрежесінің үш түрін көрсеткен:

1.Әбден ұмытылып, қолданыстан біржола шығып қалған көнерген сөздер. Бұл тәрізді архаизмдердің мән – мағынасын белгілі деректерге сүйеніп, сұрап білу арқылы болмаса, қазіргі кезде мүлдем түсініксіз болады да, ешқандай туынды сөзжасауға қатыспайды. Мысалы, Керекейді атпа, қонжығы жетім қалады (Мақал). Асабасы жоқ ас жарымас (мақал). Бірдің кесірі мыңға, Мыңның кесірі түменге (мақал). Осындағы керекей – аждың ұрғашысы, қонжық – аюдың күшігі, асаба – дастарқан ағасы, тамада, түмен – он мың деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздердің мағыналары іздестіріп, сұрап – білу арқылы ғана анықталып отыр.

2.Түбір қалпында жеке айтылмайтын, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сақталған, көнерген сөздер: бүлдіршіндей (бүлдіршін), баданадай (бадана), алпамсадай (алпамыс), абажадай (абажа), т.б.

3.Жеке сөз ретінде қолданыстан шығып қалғанымен, мақал – мәтел мен фразеологиялық тіркестердің құрамында әлі де қолданыла беретін көнерген сөздер: торқа – жібек, жарак – қару, азар – өкпе, жарлық – бұйрық (Ә.Болғанбаев, «Қазақ тілінің лексикологиясы», 87 бет).

Яғни, зерттеушінің пікірінше, фразеологиялық тіркестердің құрамында да көнерген сөздер семантикасы кездеседі.

Қазақ фразеологиясын зерттеуші академик І.Кеңесбаев: «Фразеологиялық единицалардың бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте – бірте барып қалыптасқан, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығынан халық-

тың ерте кездегі ұғымына, ой – санасына сай келуі де фразеологиялық мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген» (І.Кеңесбаев «Фразеологиялық сөздік» 1977,605 бет).

Фраземалардың мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда құрамындағы компоненттердің мағынасынан шығуы әбден мүмкін. Олар бірден қалыптаса қоймаған, ғасырлар бойы біртіндеп пайда болуы да ықтимал. (Авакова Р.Ә. «Фразеология теориясы»,136 бет)

Ғалым Р.Авакованың пікірінше, көнерген сөздер – фраземалық қордың толығы көздері. Зерттеуші профессор Ж.Манкееваның «Ана тіліміздің сөз айдынының тереңінде халықтың ғасырлар бойғы іс – тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталы сөз, мақал – мәтелдер, тұрақты тіркестер туып жатады» деген пікіріне сүйенген (Авакова Р.Ә. «Фразеология теориясы»,135бет). Р.Авакованың пікірінше, әдеби тілдің фразеологиялық жүйесінің толығының тағы бір себебі – басқа тілден енген кірме сөздер. Ғалым: «Халық өзінің басынан кешірген ұзақ даму тарихында көптеген елдермен араласып, әр кезеңдерде түрлі қарым–қатынастар жасағаны мәлім. Қазақ тіліндегі араб, парсы, моңғол сөздерінің енуі тарихи кезеңдермен тікелей байланысты» (Авакова Р.Ә. «Фразеология теориясы", 140 бет).

Зерттеуші қазақ тіліндегі фраземалардың тарихын 3 кезеңге бөліп қарастырған:

- алтайлық (моңғол, тунгус – маньчжур т.б.);
- көне түркілік;
- орта ғасырлық (араб, парсы) (Авакова Р.Ә. «Фразеология теориясы", 141 бет).

3. Нәтижесі.

Илияс Есенберлиннің «Жанталас» романындағы фразеологизмдерге тоқталар болсақ:

1. «Алтынторы руынан **аты шулы** Қалқаманұлы Темірғали – Бұқар жырау жиырма бесінде өз Тәукенің ордасына кеп, сарай ақыны атанды» («Жанталас», 304 бет).

Аты әйгілі, аты жайылған [шулы, шыққан, жер жарған] Әйгілі, көпке мәшһүр, көпке белгілі, атағы тараған, көпшіліктің аузына ілінген. [ҚТФС, 37 бет]

Көне түркілер *чау* сөзін «даңқ, атақ, даңқты» мағыналарында қолданған. Сонда аты шулы деген тіркестің о бастағы тұлғасы *атау шулы* болуы керек, ол «аты даңқты, атақты» деген сөз болып шығады. Моңғол тілінде де цуу 1) БІРЕУ ЖАЙЫНДА ТАРАЛҒАН СӨЗ, ӨНГІМЕ, 2) «ДАНҚ, АТАҚ» мағыналарын береді. Қазақ тілінде *шау/шу* сөзі «атақ, даңқ» ұғымында жеке қолданыстан қалып, аты шулы сияқты тіркес құрамында сақталған «көне сөздердің» бірі (Авакова Р.Ә. «Фразеология теориясы», 49 бет).

2. «Күйеуі өліп, жалғыз ұлы **ер жетіп**, Тайман жасағында жүретін» («Жанталас» ,437 бет).

Ер жету «есею, азамат болу, үлкею». Түркі жазба ескерткіштерінде *ерэт* және *эредз* тұлғалары «еркек қалпын игеру, ерлерге ұқсату» [Древнетюркский словарь, 1961; 176 бет] тұлғасында кездеседі.Ескерткіштегі ерэт немесе қазіргі қолданыстағы *ер жетті* тіркесі балалардың үлкейіп, есеюіне арналған (Авакова Р.Ә. «Фразеология теориясы»; 190 бет).

3. «Бірақ мұндайда жайшылықта **жек көргенмен**, хан құнын жоқтар Кіші жүздің рулары бар емес пе?» («Жанталас», 476 бет).

Жек көрінішті болды *Сүйкімсіз көрінді, жаман атты болды, көз түрткіге түсті*. [ҚТФС, 109 бет]

Көне түркілік сөздердің көпшілігі – бұл күндерде көне мағынасында жеке қолданылмайтын тұлғалар, олар не күрделі етістіктердің құрамында сақталып қалған.

«*Жек көру*» дегендегі *жек* сөзі көне түркілер тіліндегі *йенк* сөзі сияқты «*түкке тұрғысыз, болмашы, мардымсыз*» деген мағынада жеке – дара жұмсалмайды (Сыздықова Р. «Сөздер сөйлейді», 168 бет).

«Жек» сөзі «көру» сөзімен тіркесіп, «ұнамсыз болды, сүйкімсіз көрінді, түкке тұрғысыз болды» деген мағынаны білдіреді.

4. «Бұрын жанынан еріксіз біреуге бірдеме беріп көрмеген және «мал ашуы – жан ашуы» деп қарайтын қазақ елі, төлеп жатқан мал бастары бәлендей болмағанмен: «Қалалары

салынбай жатып істеп отырғаны мынау, ертең бекінген кезінде неміз қалады», – деп күні бұрын **сары уайымға** түсті» («Жанталас», 443 бет).

Сары уайым *Тұңғиық қайғы- қасірет*. [ҚТФС, 252 бет]

Сары уайым тіркесінің дұрысы сар – уайым болуы керек еді. Сары уайым тіркесіндегі сары да парсы сөзі, парсыша сар сөзінің бір мағынасы «уайым, қайғы». Сонда сар-уайым «уайым – уайым» деген тіркес түрінде пайда болып, жай уайым емес, «қатты уайым, таусылмас уайым» дегендей үстеме алып тұр (Сыздықова Р. «Сөздер сөйлейді», 174 бет).

5. «Бұларға қырғыз руларының **ала ауыздығы да** өздерінің жерін, суын талан-тараж етуіне жол ашты» («Жанталас», 482 бет).

АЛА [АЛТЫ] *АУЫЗ 1.Бірлігі жоқ, ынтымақсыз. 2.өсек-аят, гайбат сөз*. [ҚТФС, 20 бет]

6. «Оның үстіне Ор өзенінің бойын жайлаған Жағалбайлы руы Ор бекінісі салынғаннан бері өзге рулардан гөрі өздерінің күйеу баласы – Кіші жүз ханына анағұрлым **ала көз**» («Жанталас», 447 бет).

Ала көз, ала ауыз «араздасу, келіспеушілік, бөліну» деген мағынаны білдіретін фразема. Ала көз, ала ауыз тіркесіндегі келіспеушілік, қастық мәнін жасауға ала сөзінің мағынасы негіз болады (Сыздықова Р. «Сөздер сөйлейді», 134 бет).

7. «Кейде тіпті қазақтың салт атты жауынгерлері өздеріне қарсы **дүрсе қоя беріп**, көп жігіттерін найзамен түйреп жер құштырды» («Жанталас», 572 бет).

Дүрсе қоя берді *1.Кенеттен тура ұмтылды. 2. Жекіді дауыс көтерді*. [ҚТФС, 46 бет]

Дүрсе қоя беру «тап беру, шап ете түсу». Л.Будаговтың пікірінше, сөздің төркіні парсы тілінің *дүрүсь* «тура, кенеттен» мағынасы негізінде туындаған [С.Будагов, 1869; 570 бет]. Парсының *дүрүсь* сөзі қазақ тіліне дүрсе тұлғасында өзгерген. Фраземаның мағынасы «тура бас салу, кенеттен бас салу» [3, 151 бет].

4. Қорытынды.

«Тілдің сөздік құрамының толығыуы өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы ғана емес, өзге тілдерден сөздердің кіруі арқылы да жүзеге асады. Бұндай құбылыс- қазақ тілінің фразеологиялық қорына да тән. Халық өзінің басынан кешірген ұзақ даму тарихында көптеген елдермен араласып, әр кезеңдерде түрлі қарым-қатынастар жасағаны мәлім. Сондықтан да қазақ тілі фразеологиялық құрамында араб, парсы, моңғол тілдері элементтері кездеседі» (Равакова, «Фразеология теориясы», 156 бет).

І.Есенберлиннің «Жанталас» романы араб, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерге және қару – жаракқа, әскери лауазымдарға байланысты көнерген сөздерге өте бай тарихи шығарма. Жазушы тілінің стильдік ерекшелігі -жазушы пайдаланған фразеологиялық тіркестердің де құрамында кірме сөздер мен көнерген сөздер семантикасының ұшырасуында деп білеміз.

Әдебиет тізімі:

Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы, Алматы «Мектеп» 1988 ж., – 155–167 бет.

Оразбаева Ф.Ш., Сағидолла Г., Қасым Б., Қобыланова А.; Қазіргі қазақ тілі: Оқулық, – Алматы: 2005ж., – 250 бет.

Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. - Алматы:Қазақ университеті, 2008 ж., – 220 бет.

Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. – Алматы. Қазақ университеті, 2009 ж., – 210 бет.

Есенберлин І. «Он томдық шығармалар жинағы». 6 – том. Көшпенділер.Екінші кітап. «Жанталас». Алматы. «Жазушы». 1986 ж;

Кеңесбаев І., Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977 ж., – 325 бет.

Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді, Алматы, «Санат» 1994 ж., – 310 бет.